



«Білгір математик»

6-сыныптар арасында математикалық
сайыс



Математика пәнінің мұғалімі: Орахова С.А.

Мақсаты:

Оқушылардың математикалық ойын тапсырмаларын орындау арқылы білімдерін одан әрі тереңдету, алған білімдерін нысықтау.

Ойлау қабілетін, математикалық сөздік қорын дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіру.




Сайыстың жоспары:

- 1. Топқа бөлу*
- 2. “Кім жылдам ”*
- 3. “Математикалық диктант”*
- 4. “Қатесін тап”*
- 5. “Сиқырлы шаршы”*
- 6. “Біліктілік сайысы”*
- 7. “Капитандар сайысы”*



1.Топқа бөлу



2. «Кім жылдам?»

“Алғырлар” тобына сұрақтар



1. Құрамында әріптері бар өрнек қалай аталады?

Әріпті өрнектер

2. Екі санның бөліндісін не деп атаймыз?

Қатынас

3. $P=2(a+b)$ қандай фигураның формуласы?

Төртбұрыштың периметрі


4. 24 санының бөлгіштерін ата:

1, 2, 3, 4, 6, 8, 12, 24

5. 5 санының бөлгіштік белгісі?

0 және 5-тен аяқталса





6. Тек таңбалары арқылы ажыратылатын сандар?

Қарама – қарсы сандар

7. Амалдар таңбалардан, жақшалардан және сандардан ғана құрастырылған жазуды не деп атаймыз?

Санды өрнек

8. Екі қатынастың теңдігі?

Пропорция

9. $V=abc$ қандай фигураның формуласы?

Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі



«Кім жылдам?»
“Тапқырлар” тобына сұрақтар



1. Құрамында әріппен белгіленген белгісіз саны бар теңдік қалай аталады?

Теңдеу

2. Картадағы кескін ұзындығының оған сәйкес жер бетіндегі қашықтыққа қатынасын не дейміз?

Масштаб

3. $S = ab$ қандай фигураның формуласы?

Тіктөртбұрыштың ауданы

4. 27 санының бөлгіштерін ата:

1, 3, 9, 27



5. 9 санының бөлгіштік белгісі:

Цифрларының қосындысы 9-ға бөлінсе

6. Оң санның модулі неге тең?

Өзіне

7. 32 санының бөлгіштерін ата:

1, 2, 4, 8, 16, 32

8. 10 санының бөлгіштік белгісі?

0 -ден аяқталса

9. Теріс санның модулі неге тең?

Қарама-қарсы санға тең



3. Математикалық диктант

“Алғырлар” тобына

Қосудың, азайтудың және көбейтудің қасиеттерін қолдану.

1. Өрнекпен жазыңдар:

а) $36a$ және $15a$ -ның қосындысын;

ә) 29 және $11x$ -тің көбейтіндісін.

2. Кеше күн 3 градус суық болған, бүгін күн 2 градус жылы.



“Тапқырлар” тобына



Қосудың, азайтудың және көбейтудің қасиеттерін қолдану.

1. Өрнекпен жазыңдар:

а) $36a$ және $15a$ -ның қосындысын;

ә) 21 және $12x$ -тің көбейтіндісін.

2. Тарбағатай жоталарының ең биік жері теңіз деңгейінен 2992 м биіктікте, Каспий ойпаты теңіз деңгейінен 28 м тереңдікте.



5. “Сиқырлы шаршы”



*Әр топқа жеке тапсырма беріледі.
Дұрыс жауап 10 ұнаймен есептелінеді.*




1 топ «Алғырлар»

Кез келген бағыттағы сандардың қосындысы 21-ге тең болатындай етіп 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 7 сандарымен бос торкөздерді толтыр.




2 топ «Тапқырлар»

Кез келген бағыттағы сандардың қосындысы
24-ке тең болатындай етіп 4,6,7,9,10,11,12,8,5
сандарымен бос торкөздерді толтыр.



«Алғырлар» тобының дұрыс жауабы



10	3	8
5	7	9
6	11	4



«Тапқырлар» тобының дұрыс жауабы

11	4	9
6	8	10
7	12	5



6. “Біліктілік сайысы”



«Алғырлар»

«Тапқырлар»

1. $-0,85 + 0,13 = -0,72$

2. $0,2 * (-5) = -1$

3. $16 : (-4) = -4$

4. $-6,3 : (-2,1) = 3$

5. $1 - (-4) = 5$

1. $34,81 - (-19,19) = 54$

2. $-7 - (-8) = 1$

3. $8 * (-7) = -56$

4. $-8 : (0,2) = -40$

5. $-7 * (-0,1) = 0,7$



2 – тапсырма: Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарыңдар:



«Алғырлар»	«Тапқырлар»
$9a-6b+3c$	$6x+2x+5x$
$9a-6b+3c=$ $3(3a-2b+c)$	$6x+2x+5x=$ $(6+2+5)x=13x$



7. “Капитандар сайысы”

1 топ «Алғырлар»

1. Азайтудың нәтижесі қалай аталады? **Айырманың мәні**
2. 1 сағатта неше минут бар? **60**
3. 7 ондық 0 бірліктен тұратын санды ата. **70**
4. Шарты мен сұрағы бар кішкене әңгіме? **Сөз есеп**
5. Мектептегі 45 минут? **Сабақ**
6. Оқу жылының алғашқы айы қандай? **Қыркүйек**
7. Азайту амалының компоненттерін ата?
8. 3 пен 9 - дың көбейтіндісін, азайтқыш, айырманың мәні
9. 6 мысық пен 3 тауықтың аяғы нешеу? **27**
10. Санды сол санның өзіне бөлсе.. **30**

1 шығады



2 топ «Тапқырлар»



Қосындының мәні

1. Қосудың нәтижесі қалай аталады? **100**
2. 1 ғасырда неше жыл бар? **98**
3. 9 ондықтан 8 бірліктен тұратын санды ата.
4. Периметрді қалай табамыз? **Барлық қабырғаларын қосамыз**
5. Мектептегі 10 минут? **Үзіліс**
6. Қыс айларының алғашқы айы қандай? **Қаңтар**
7. Бөлу амалының компанеттерін ата?

Бөлінгіш, бөлгіш, бөліндінің мәні

8. 3 пен 7 - нің көбейтіндісі? **21**
9. 5 машина мен 4 велосипедтің дөңгелектері нешеу? **28**
10. Кез келген санды бірге көбейткенде...

Сол санның өзі шығады



Қорытынды сөз



Әділқазылар алқасына беріледі.

Топтарды марапаттау.



Назарларыңызға рахмет
Сау болыңыздар!!!



«Жұмбақтар» сайысы

“Алғырлар” тобына жұмбақтар

*1. Көлден ұшты 50 қаз,
Қайтып қонды 20 қаз
Қонбады оның нешеуі,
Қане кім тез шешеді?*

*2. Аулада 60 үйрек,
Қорада 20 үйрек,
10 үйрек тығылды
10 үйрек жығылды,
Қалғаны неше үйрек?*



3. 11 түйе, бес жылқы.
2 сиыр, бір ешкі
2 қоян, үш түлкі,
Неше болды барлығы?



4. Қанша кісі?

Атам, әжем, ағаммен,
Әкем, інім және мен
Анам және енесі
Енесінің бөлесі –
Отыр еді шай ішіп,
Жеңгем кірді майысып
Арқасында кіші інім
Саны қанша айта ғой
Үйдегі бар кісінің



“Тапқырлар” тобына жұмбақтар



Қолымда 55 алма

5-ін бердім анама,

5-ін бердім атама,

Нешеуі қалды өзімде?

2. *Қанша жұмыртқа қалды?*

Тауықтың біреуі

Бес балапан шығарды.

Көптен күтіп жүреді

Інім қатты қуанды.

Он жұмыртқа бастырған

Қарай алмай шаршады

Жаулығының астында

Жатыр әлі қаншауы?



3. Қанша жаңғақ?

Портфелде әуелі

13 жаңғақ бар еді

Науат пен Маратқа

Самат пен Сағатқа

Апасына Қанаттың

Екі — екіден тараттым

Қанша жаңғақ қалғанын

Айта қойшы ал жаным

4. 6 алманың 2-ін

Досың сұрап алады.

Айтшы сонда нешеуі

Өз қолыңда қалады.

